

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 10 наурыздағы N 192. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Әлеуметтік сала объектілерін жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламасын іске асыруды жеделдету, бюджеттік мекемелердің мемлекеттік мүлкін сату жөнінде саудаластық жүргізумен байланысты қызметті реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 19, 166-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау ж ө н і н д е г і е р е ж е д е :

"Мүліктік кешендер мен мүлікті бағалау" деген II бөлімде: мынадай мазмұндағы 6-ішкі бөліммен толықтырылсын:

"6. Жекешелендіру объектісі ретінде бюджеттік мекеменің бағасын анықтау

21. Мүліктік кешен ретіндегі бюджеттік мекеменің бастапқы бағасы шығыстар сметасының атқарылу балансы деректерінің негізінде анықталады. Мекеменің балансы мемлекеттік мүлікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік орган жекешелендіру туралы шешім қабылдаған күнге беріледі.

Мекеменің бастапқы бағасы (МекББ) мынадай формула бойынша анықталады :

$$\text{МекББ} = \text{МекА} - \text{МекШ} - \text{МекМ} - \text{Нқт} + \text{МекК}, \text{ мұнда}$$

МекА - мекеме активтерінің жалпы құны (шығыстар сметасының атқарылу б а л а н с ы н ы ң 4 4 0 ж о л ы) ;

МекШ - мекеменің шығыстары (шығыстар сметасының атқарылу балансы Активінің "Шығыстар" деген 7-бөлімі жолдарының қосындысы);

МекМ - мекеменің міндеттемелері (шығыстар сметасының атқарылу балансы Пассивінің "есептер" деген 3-бөлімі жолдарының қосындысы);

Нқт - негізгі құралдардың тозуы (шығыстар сметасының атқарылу балансы Пассивінің "Қорлар және мақсаты арналымды құралдар" деген 2-бөлімі ж о л д а р ы н ы ң қ о с ы н д ы с ы) ;

МекК - мекеменің арнайы құралдары бойынша кірістері (шығыстар

сметасының атқарылу балансының 720 және 360 жолдарының оң айырмасы).

Жекешелендіру сәтіндегі жұмсалмай қалған бюджет қаражатының жұмсалуына арналған лимиттің бос қалдығы тиісті бюджеттің кірісіне есептелуге
т и і с .

22. Жер учаскесіне деген меншік немесе тұрақты жер пайдалану құқығының құнын бағалау осы Ереженің 2-ішкі бөліміне сәйкес жүргізіледі.

23. Жекешелендірілген мекеменің Сатып алушысының азаматтық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагерлігі сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттен басталады.

Мекеме Сатып алушының меншігіне кредиторлық және дебиторлық берешегімен бірге сатылады.

24. Мекеменің жекешелендіру объектісі ретіндегі бағасы мекеменің саудаластық барысында белгіленген сату бағасынан және мекеменің үй-жайлары немесе ғимараттары алып жатқан бүкіл жер учаскесіне немесе оның белгілі бір бөлігіне деген меншік немесе тұрақты жер пайдалану құқығының бағалау құнынан құралады " ;

6-ішкі бөлім 7-ішкі бөлім болып есептелсін;
21-30-тармақтар тиісінше 25-34-тармақтар болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі